



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ҚОСЫМША САБАҚТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Мұртаза Шадияр Махсұтұлы,

2 курс магистранты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада білім саласы мен ғылыми дамудағы өзгерістердің оқу үдерісіне алып келген өзгерістердің бірі қосымша сабақтардың қоғамда рөлі зерттелінді. Арнайы сауалнама қорытындысы бойынша бұл жағдайдың даму тұсы анықталып, қоғамда ары қарай осы бағытта өзгеріс болатынын айтуға болады. Оқушылардың өзін-өзі дамытуы басты рөлге қойылып, арнайы бағыт беретін қосымша сабақтар мен қосымша оқу орындарының жұмысы болашақта біздің елде де көлденең артуын болжамдауға болады.

Түйінді сөздер: қосымша оқыту, қосымша сабақ, факультативтік сабақ, өзін-өзі дамыту, білім беру экожүйесі.

Аннотация

Актуальность и цель. В данной статье исследуется роль дополнительных занятий в обществе, как одного из изменений в сфере образования и научного развития, приведших к процессу обучения. По итогам специального опроса будет определена точка развития данной ситуации и можно говорить о том, что в дальнейшем в обществе будут происходить изменения в этом направлении. Предполагается, что дополнительные занятия и работа дополнительных учебных заведений, на которых будет поставлена главная роль в саморазвитии учащихся, в будущем возрастут и в нашей стране.

Ключевые слова: дополнительное обучение, дополнительное занятие, факультативное занятие, саморазвитие, образовательная экосистема.

Abstract

Relevance and goal .This article explores the role of additional classes in society as one of the changes in education and scientific development that led to the learning process. According to the results of a special survey, the point of development of this situation will be determined and it is possible to say that there will be changes in society in this direction in the future. It is assumed that additional classes and the work of additional educational institutions, which will play a major role in the self-development of students, will increase in our country in the future.

Keywords: supplementary education, extracurricular activity, optional activity, self-development, educational ecosystem.

Қазіргі таңда барлығымыз байқағанымыздай оқу үдерісі түрлі форматта өтуде. Оның ішінде дәстүрлі және дәстүрлі емес немесе онлайн және офлайн деп ажыратып бөлуге болады. Бірақ, ерекше байқалатыны мектеп бағдарламасындағы және қосымша сабақтарды айтуға болады. Көптеген оқушылар мектеп бағдармасынан бөлек қосымша оқу орындарына немесе басқа да жолдармен қосымша білімді алуды қажет деп санайды. Ең алғашқы орында фундаментальді пәндер мен ағылшын тілі таңдалынады. Бір жағынан қарағанда мамандардың тапшылығы бар деп айта алмаймыз. Бірақ нәліктен оқушылар қосымша сабақты таңдайды және оның қаншалықты тиімді екенін білу керекпіз деп санаймыз. Уақыт өте қосымша сабақтардың саны мен рөлінің артуын болжайдаймыз және қоғамда мұғалімдердің арасында сапалы еңбек етуді қажет етілетіні күмәнсіз.

Зерттеу бойынша, ХХІ ғасырда оқыту үдерісі ең маңызды өзгерістерге іліккен салалардың бірі болып саналады. Ғылымдағы жетістіктер мен педагогика саласындағы өзгерістер және оның қоғамдағы рөлі оқыту үдерісінде бірнеше қиындықтар мен қайшылықтарды тудыруда. Соңғы он жылда, білім саласында үлкен өзгерістер орын алуда, соның ішінде ең маңыздысы функцияналдық қабілетерді жетілдіруден бұрын, жеке тұлғаның дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Оқушының өз-өзін дамытуы және шығармашылық ізнедістерге баулуды талап етеді. Сондықтан, қосымша сабақтарды қоғамға енуі бұл ғаламдық әрі тиімді өзгерістердің бірі деп айтуға болады. Бұл мәселенің өзектілігі, қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістерінің қоғамның болашағыны тиімді нәтиже бермейтіндігінің күннен-күнге дәлелдерінің артуы болып табылады [1, 416].

Соңғы жылдары оқу үдерісінің онлайн форматына өтуі біршама қиындықтар мен олқылықтарға алып келді. Оның салдарына келсек оқушылардың бойында психолохиялық және білім жағынан үлкен олқылықтардың пайда болуына алып келді. Осы себепті оқушылардың қосымша сабақтарға баруы, жаңа адамдармен қарым-қатынас пен ерекше форматтағы оқу түрін таңдауға құлшынады деп санаймыз.

Зерттеу әдісі ретінде эмпирикалық әдісті оның ішінде оқу орнындағы барлық оқушылар мен ата-аналардан сауалнама алуды жүзеге асырдық. Гимназия аясында алынған сауалнаманың қорытындысына сәйкес, 921 оқушы мен ата-анасынан алынған сауалнама бойынша 483 оқушының бір

немесе бірнеше қосымша сабақтарға баратыны көрсетілген (Кесте 1). Көптеген оқушылар ағылшын тілі мен математика пәнінің таңдайтыны байқалады. Бастауыш кластар арасында барлық пәндерден өтілетін қосымша оқу орындарына баратындығы көрсетілген.

Кесте 1. Қосымша оқу орталығына баратын оқушылар саны

2 кластар	87/33 (математика-13, ағылшын тілі-24, барлық пәннен-6)
3 кластар	138/ 67 (математика-16, ағылшын тілі-35, барлық пәннен-7)
4 кластар	84/ 34 (математика-11, ағылшын тілі-29, барлық пәннен-4)
5 кластар	107/ 53 (ағылшын тілі-43, математика -15, қазақ тілі-8)
6 кластар	91/ 56 (ағылшын тілі -39, математика -25, қазақ тілі-8)
7 кластар	97/ 51 (ағылшын тілі -41, математика -15, физика-6, химия-1)
8 кластар	102/ 48 (ағылшын тілі -37, математика -14, физика-8, химия-2)
9 кластар	91/ 50 (ағылшын тілі -37, математика -23, физика-13, химия-3)
10 кластар	49/ 25 (ағылшын тілі -8, математика -14, физика-5, химия-1, биология-2 тарих -4, әдебиет-1)
11 кластар	75/ 64 (ағылшын тілі -10, математика -44, тарих-17, физика-16, оқу сауаттылығы-8,география-7, биология-4, химия-3, құқық-2)

Сонымен қатар, оқушылардан мектеп ұжымындағы мұғалімдер арасынан қосымша сабақтарға шақыру мен қатысу бойынша да деректер алынған болатын. Деректерге сәйкес, 51,5% мұғалімдер ұжымының оқушыларға қосымша сабаққа шақырғандығы мен сабақ өтілгендігі байқалады (Сурет 1). Ұсыныстарды қабылдау кезінде байқағанымыздай, оқушылар мен ата-аналардың көпшілігі қосымша сабақтардың болуын және олардың үлесінің артуын қажет етеді. Бұл қосымша сабақтар тек оқу бағдарламасындағы пәндер болуы міндетті емес, терең оқуда әр пәнге көп көңіл бөлудің маңызын түсінгендігі деп санаймыз (Кесте 2).

Сурет 1. Пән мұғалімдерінің қосымша сабаққа шақыру үлесі



Кесте 2. Ұсыныстар бөлімі

Басқа да оқу-тәрбие процесіне қатысты ұсыныс пікіріңіз:
Мектепте ұБТ пәндерінен қосымша сабақтар болса, жақсы болар еді, әсіресе бейіндік пәндерден
Мұғалімдердің балалаларға ҰБТ тапсыратын пәндеріне көбірек уақыт бөлсін.
Қосымша сабақтары көбірек болса
Мектепте доп. Сабақтар болса жақсы болар еді
Қосымша оқытылса
Аптасына бір рет болатын пәндер бойынша факультативтерді өткізу
Баланың потенциалдық қабілеттерін ескеру
Балаға көбірек мотивация берсе мұғалімдер
Ағылшып тилин тереңдетип оқыту
Қосымша сабақтары көбірек болса
Қосымша сабақтар
Кобирек косымша сабақтар болса
Косымша сабақтан пәндерден
Косымша сабақтан кобирек болса
Косымша сабақ
Косымша шакыру
Қосымша сабақтардың, дайындықтардың көптеп болуы
Қосымша сбаақ
Сабақ жүйелі жүргізілсе, қосымша репетитор іздемес едік
Қосымшаға барғызбайтындай барлық пәндерді тек мектептен меңгерсе жақсы болар еді
Әдеби пәндерден косымша болса
Жүйелі сабақ өткізілсе, әрі сауатты
Қосымша сабақтар өткізу
Қосымша сабақтар болса
Негізгі сабақтардан қосымшалар қосу
Көбірек баланың біліміне көңіл бөлінсе
Көбірек кітап оқуға конил бөлсеніздер дұрыс болады
Қосымша болса мектепте, орыс тілі, ағылшын тілінен
Қосымша сабақтар болса жақсы болар еді
Пәндерден қосымша оқытылса
Ентға дайындық
Қосымша сабақ көбірек
Балдарға тегін қосымша сабақтар өткізілсе, тегін үйірмелер ашылса
Ар суббота сайын қосымша сабақтарды откизу
Қосымша ақысыз сабақтар ұйымдастырса
Ағылшын, орыс тілінен қосымша сабақтар өткізіледі
11шы класс балаларына математика пәненн қосымша сабақтарын жүргізу
Ауырған, сабақтан қлаған балаға қосымша сабақ өткізсе
Демалыста қосымша сабақтар керек еди
Қосымша сабақтар, өзіндік жұмыс тапсырмалар болса
Әрбір-ұстаз жан-тәнімен білім беруі керек
Пәндер бойынша үлгерімі туралы ай сайын ақпарат берілсе деген ұсыныс
Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытса

Білім саласында қосымша сабақтардың тегін форматтағы бағдарламасының бар екендігін білеміз. Мектеп табалдырығында көптеген пәндерден қосымша сабақтардың өтілетіні және бұл сабаққа тек қана оқушы емес сонымен қатар ата-ананың да қызығушылықпен оқушыларын қатыстыратынын байқаймыз. Жоғарыда айтылғандай, тұлғаның дамуына ерекше көңіл бөлетіндігі байқалады. Соңғы жылдары, Ресей мемлекетінің білім саласында арнайы осы бағытта жұмыс жасауды бастағанын байқауға болады. Арнайы бағытта оқушыға мамандық таңдау бойынша бағыт беретін мемлекет бойынша барлық мамандықтармен таныстыруға арналған арнайы «Шеберлер қаласы» атты орталықтардың ашылғанын айтуға болады [3, 1976]. Сонымен қатар, Ресей ғалымдарының зерттеуі қорытындысы бойынша, қосымша оқытудың қазіргі оқыту экожүйесінің маңызды элементі ретінде болып келеді және басым көптілік оқушылардың ата-аналарының қосымша оқытудың жалпы оқытудағы білім беруде қанағаттандырмайтын орындарды толтыратынын көрсеткен. Факультативтік сабақтар туралы айтатын болсақ, техникалық пәндерге қарағанда шығармашылық және спорттық бағыттағы қосымша сабақтардың үлесі артық болып келеді. Бұл да осы мәселенің жан-жақты тиімді жоспарлар мен ұжымдасқан жұмысты талап ететіні белгілі. Авторлардың айтуынша, қосымша сабақтар өтуде мұғалімдердің

тарапынан құлшыныстың аздығын байқағандығын және оны дамытудың жолдарын қарастырған жөн [2, 254б].

Қосымша сабақтардың маңыздылығы мектептер бойынша ғана емес сонымен қатар университеттердің бір-бірімен бәсекелестіліктерін арттыруға септігін тигізеді. Бәсекелестіліктің артуы еліміздің болашағына ғылым мен өнеркәсіптің дамуына септігін тигізетіні белгілі. Жоғары оқу орындарында қосымша оқыту бағдарламалары негізгі оқыту мамандығынан (Major) бөлек екінші қосалқы сала таңдау (Minor) мүмкіндігі арқылы жүзеге асады. Осы бағыттан бөлек Ресей Федерациясының ғылыми-технологиялық даму жоспарында нақты орындалу қажет қосымша бағдарламалардың жыл сайын жүзеге асатынын байқауға болады. Жүзге жуық және соңғы жылдары жүзден аса қосымша бағдарламалардың негізгі бағдарламаларға қарағанда тез іске асатыны осы бағыттың өзектілігін көрсетеді [4, 21б].

Бұқаралық ақпараттарға жүгінетін болсақ, еліміздегі соңғы жаңалықтарға сәйкес:

«ЭЫДҰ сарапшылары Қазақстан Үкіметіне орта білім берудің ағымдағы оқу бағдарламасын толығымен қайта қарауға ұсыным берді. Біз теорияға басыартық екпін түсіруден арылуға және оқушыны алған білімін практикада қолдануға үйретуге тиіспіз. Зерттеу көрсеткендей, біздің оқушылар негізінен күрделі мәтіндерді түсінбейді, одан басты ақпаратты бөліп алуды білмейді, өз көзқарасын негіздеуде және талдауда қиналады», – дейді Асхат Аймағамбетов. Әрине, бұл жағдай тек қана кемшіліктерді көрсетпейді. Осы арқылы білім саласында жаңа өзгерістердің болатынын болжай аламыз.

Қорытындылай келе, қоғамда белес алған цифрлық дамудың білім жүйесіне өзгерістер алып келгені белгілі. Осы себепті әлемдік деңгейде баланың тұлға ретінде дамуында жан-жақты білім алуында қосымша сабақтардың рөлі мен үлесі артып келе жатқандығы белгілі. Осы бағытта мектеп және басқа да оқу орындарындағы мұғалімдер мен оқушылардың қосымша білімге көңіл бөлуінің маңызы зор және оны жетілдірудің маңызы зор екендігін дәлелдей алдық дер едік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Куликова, С.В., Баяндин, Н.И., Тельнов, Ю.Ф. Система дополнительного образования в условиях цифровой экономики // Плехановский научный бюллетень. -2018. -№1. -С.41-42.
2. Косарецкий С.Г., Фрумин И.Д. Дополнительное образование детей в России: единое и многообразное // Издательский дом Высшей школы экономики. -2019. -Гл. 7. -С. 254-257.
3. Лалетина О.В., Липатов Д.В. Роль дополнительного образования в профессиональной ориентации школьников // Отечественная и зарубежная педагогика. -2018. -Т. 2, № 2(49). -С. 192-198.
4. Котлярова И.О., Волошина И.А.. Стратегия и тактика развития подразделения дополнительного профессионального образования в конкурентоспособном университете // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Образование. Педагогические науки. -2018. -Гл. 10. -№1. -С. 20-26.

УДК 37.08

АКТУАЛЬНОСТЬ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

**Никонова Анна Владимировна,
Волкова Елена Ивановна,
Смирнова Лариса Павловна,**

учителя начальных классов
КГУ «Владимировская общеобразовательная школа
отдела образования Костанайского района»
управления образования акимата Костанайской области,
с.Владимировка. Казахстан

Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты. Мақалада үздіксіз білім беру жүйесін дамытудың өзекті аспектілері қарастырылады, «үздіксізбілім беру» ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдері көрсетіледі, үздіксіз білім беру жүйесінің мазмұны, қазіргі әлемдегі даму перспективалары мен үрдістері және жолдары ашылады. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын қалыптастырудың тарихи аспектілері орын алады, оның мақсаттары, міндеттері, функциялары, компоненттері, принциптері, тұлғаның жан-жақты дамуы үшін маңызы көрініс табады. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесінің проблемалары мен шешу жолдары қарастырылды.

Түйінді сөздер: үздіксіз білім беру жүйесі, тұжырымдама, өздігінен білім алу, интеграция, құзыреттілік төсіл, білім беру деңгейі, білім беру траекториясы.